

пайдалануды қамтамасыз ету үшін қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйін, сондай-ақ қоршаған орта мен табиғи ресурстардың нақты жай-күйінің деректерін қадағалауды енгізетін көпмақсатты ақпараттық жүйе.

2. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесінің мақсаттары, міндеттері, функциялары

2. ҚО мен ТРБММЖ-нің мақсаты табиғи ресурстарды пайдалануды басқару мен шаруашылық шешімдер қабылдауды ақпараттық қамтамасыз ету және олардың пайдаланылуын бақылау, қоршаған ортаның жай-күйі мен қоршаған орта факторларының халық денсаулығына әсері туралы халықты хабардар ету болып табылады.

3. ҚО мен ТРБММЖ-нің негізгі міндеттері:

- 1) қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйін, сондай-ақ, оларға антропогендік әсерлердің көздерін тұрақты қадағалау;
- 2) республиканың бүкіл аумағында және жекелеген аймақтардың аумақтарында қоршаған ортаның, табиғи ресурстардың нақты жай-күйін талдау, бағалау, сондай-ақ олардың өзгерістері мен халық денсаулығына әсерін болжау;
- 3) қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ақпаратты сақтау және жинақтау болып табылады.

4. ҚО мен ТРБММЖ-нің негізгі функциялары:

- 1) олардың өзгерістерін бағалау үшін жеткілікті кезеңділікпен қоршаған ортаның барлық өлшемі бойынша аспаптық, талдау және басқа да әдістермен
б а й қ а у ж ү р г і з у ;
- 2) барлық экологиялық ақпаратты жинау мен тіркеу, қоршаған орта мен табиғи ресурстар бойынша ақпараттық деректер банкі мен кадастрлар жүргізу;
- 3) табиғи ортаға әсерлердің сипаттамалары, ластану деңгейінің өзгеруі мен оның салдарлары арасындағы байланысты анықтау;
- 4) аймақтық, республикалық және халықаралық деңгейде қоршаған орта, табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ақпарат алмасуды ұйымдастыру;
- 5) орталық атқарушы органдардың, олардың аумақтық бөлімшелерінің, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың меншік нысанына қарамастан, жүзеге асыратын қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай әдістемелік және метрологиялық базасын қамтамасыз ету;
- 6) қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингі саласында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуді негіздеу;
- 7) ҚО мен ТРБММЖ шеңберінде алынған ақпаратпен мемлекеттік атқарушы органдарды, заңды, жеке тұлғалар мен халықты қамтамасыз ету.

3. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесінің құрылымы

5. ҚО мен ТРБММЖ-нің құрылымы мониторинг объектілерімен және оның аумақ аясымен анықталады.

6. Мониторинг объектілеріне қарай оның мынадай жүйелері бөлінеді:
атмосфералық ауаның мониторингі;
жер бетіндегі су ресурстарының мониторингі;
жер ресурстарының мониторингі;
жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің мониторингі (ұдайы өсімі мен п а й д а л а н у) ;

жер қойнауының мониторингі (ластануы бөлігінде).

7. Жүйе аясында мынадай кіші жүйелер бөлінеді:

1) қоршаған табиғи орта сапасының мониторингі:

атмосфералық ауа сапасының мониторингі;

жер бетіндегі су ресурстары сапасының мониторингі;

жер сапасының мониторингі;

жер қойнауы сапасының мониторингі (ластануы бөлігінде);

2) әсер ету мониторингі:

атмосфералық ауаның ластану көздерінің мониторингі (ауа бассейніне лаптаушы заттардың шығарымдары);

су ресурстары лаптау көздерінің мониторингі (жер бетіндегі су айдындарына сарқынды сулардың төгінділері);

топырақтың ластануы көздерінің мониторингі (өндірістік және шаруашылық-тұрмыстық қалдықтармен);

радиоактивті ластану мониторингі (радиоактивтік шығарымдар мен төгінділер) :

1) салдарлардың мониторингі:

санитарлық-гигиеналық мониторинг (халық денсаулығына мекендік орта ф а к т о р л а р ы н ы ң әсері);

2) мониторингтің арнайы түрлері:

аялық мониторинг (биосфералық қорықтар);

ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мониторингі;

о з о н д ы қ м о н и т о р и н г .

8. Аумақ аясына қарай ҚО мен ТРБММЖ республикалық, аймақтық және жергілікті деңгейлерге бөлінеді.

Республикалық деңгей, өзінің құрамында жалпы мемлекеттік маңызы бар ірі аймақтар мен жекелеген объектілерді баса көрсете отырып, республиканың бүкіл аумағын қамтиды. ҚО мен ТРБММЖ-нің республикалық деңгейде жұмыс істеуі қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, экологиялық

қауіпсіздік саласындағы басқаруды ақпараттық қамтамасыз етудің міндеттерін шешеді.

Аймақтық деңгей, әкімшілік, экономикалық, өзге де шекаралар, сондай-ақ қоршаған ортаның жай-күйі мен табиғи ресурстардың пайдаланылуына әсер ететін табиғи және техногендік факторлардың кешені ескеріле отырып, физикалық-географиялық ерекшеліктері ескеріліп, ұйымдастырылады және жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыретіне жатқызылған басқаруды ақпараттық қамтамасыз ету міндеттерін шешеді.

Жергілікті деңгей әлеуметтік-экономикалық маңызы бар учаскелеріне қатысты қоршаған ортаның құрамдас бөліктерін тәптіштей зерделеу мақсатында ұйымдастырылады.

9. Барлық кіші жүйелер бойынша деректерді қамтитын ҚО мен ТРБММЖ бірыңғай деректер банкін жүргізу, сондай-ақ қоршаған орта мен табиғи ресурстардың нақты жай-күйі туралы ақпаратты қорыту, бағалау және талдауды уәкілетті мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелері өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

10. Уәкілетті мемлекеттік органдар беретін қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы жиынтық деректерді қамтитын банкін жүргізуді қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган жүзеге асырады.

4. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесінің мазмұны

11. ҚО мен ТРБММЖ-нің мазмұны:

1) мониторингтің мемлекеттік және өндірістік бағдарламаларында көзделген бөлшектер кешені бойынша қоршаған орта мен табиғи ресурстарды пайдаланудың жай-күйі туралы бастапқы деректерді жинау, сақтау, өңдеу, қоршаған орта мен табиғат пайдалану құрамдас бөліктерінің мониторингінің кадастрлары мен ақпараттық деректер банктерін жүргізу;

2) қоршаған ортаның экологиялық жай-күйі, табиғи және техногендік процестер мен құбылыстарды пайдалану жөніндегі деректерді кешенді қорыту;

3) мемлекеттік өкімет және басқару органдарына, қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің республикалық және облыстық мемлекеттік органдарына болжамдар, анықтамалар, баяндамалар мен ақпарат берудің өзге де нысандарын қоса алғанда, регламенттелген бастапқы деректер мен оларды өңдеудің нәтижелерін дайындау және беру;

4) қоршаған ортаға, табиғи ресурстарды қорғау және ұтымды пайдалануға теріс әсерлердің салдарларын жою немесе азайту жөніндегі шараларды жүзеге асыру жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

5) қоршаған орта және табиғи ресурстарды пайдалануды бақылау саласындағы мемлекеттік статистика, экологиялық сараптама, экологиялық аудитті жүргізуді ақпараттық қамтамасыз ету.

5. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесіне басшылық жасау мен басқару

12. ҚО мен ТРБММЖ-ің әдістемелік басқаруды қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы және қоршаған орта мен табиғи ресурстардың мониторингін жүзеге асыру жөніндегі басқа да мемлекеттік органдардың жұмыстарын үйлестіретін оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

13. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің кіші жүйелерін басқаруды уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

6. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру, жұмыс істеуі мен қаржыландырудың тәртібі

14. ҚО мен ТРБММЖ жұмыс істеуін ұйымдастыру мен қамтамасыз етуді, қ ы з м е т і н ү й л е с т і р у д і :

1) республикалық деңгейде - қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы және уәкілетті органдар өз құзыреті ш е г і н д е ;

2) аймақтық деңгейде - аумақтық органдар өз құзыреті шегінде жүзеге а с ы р а д ы .

Ескерту: 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 1 шілдедегі N 675 қаулысымен .

15. ҚО мен ТРБММЖ-сін кіші жүйелерінің жұмыс істеуі мен ақпараттық қамтамасыз етілуін ұйымдастыру мен қамтамасыз етуді арнайы уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

16. ҚО мен ТРБММЖ-сін ақпараттық қамтамасыз ету қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган бекіткен, келісілген тізбелер, нысандар мен мерзімдерге сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдар орындайтын қоршаған орта мен табиғи ресурстардың мемлекеттік мониторингінің жиынтық деректер банкіне берілетін нәтижелеріне негізделеді.

17. Бағдарламалық құралдар жүйесі ҚО мен ТРБММЖ-нің әртүрлі деңгейі, сондай-ақ жүйелері мен кіші жүйелерінің деректер банкілері арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз етіп, бірыңғай әдістемелік негізде ақпарат жинауды, өңдеуді және сақтауды жүзеге асыруға мүмкіндік беруі тиіс.

18. ҚО мен ТРБММЖ-ін жүргізуді қаржыландыру уәкілетті органдардың бюджеттік бағдарламалары бойынша республикалық бюджеттің қаражаттары

есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту: 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 1 шілдедегі N 675 қаулысымен .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК